

АНА ТІЛІ

Ғұн Тазаев

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

«Шеге Құмнан» Шым-Шымдап...



«Жақсы кітап – жан азығы» деген жұрт жауыр қылған сөз бар. Жаттанды болса да жарығын жоғалтпайтын тіркес бірақ. Оны жақсы кітап қолыңа тигенде жаныңмен ұғасың. Мәселен, мына қолымыздағы қоңырқай түсті кітап. Ішкі мазмұны мен сыртқы келбеті үйлескен. Жал-құйрығы сүзіліп, бүкіл құрылымы хас шебердің қаламымен түзіліп, тілі төгіліп, үтір-нүктесіне дейін өріліп тұр. Мұндай кітап оқуға деген құлшынысыңды одан сайын арттырмай ма? Оқыдық. Бұрын да оқығанбыз. Тек кітаптан емес. Әлеуметтік желіден. Автордың жеке парақшасынан. Көкірегімізге талайы жатталып та қалған. Тандырдан жаңа шыққан нан секілді. Сол баяғы ыстық күйі. Шабыттың буын айтамыз. Мидағы ой суып үлгермей, бунақ-бунақ сөз болып түсе қалған. Таза піскен сөз дәнегі мың қайтара оқысаң да, жаңа қолға алғандай күй кештіреді.

Баяғыда, біздің Созақ жақта ауыл адамдары Алматыдан келген жазушы Тәкен Әлімқұловты дәл үлкен ас түсірілгелі жатқанда жер-көктен шарқ ұрып таппай қалады ғой. Сөйтсе... патшалар баратын жақта та блокнотына әлденені сүйкектете жазып отыр дейді, бар дүниені ұмытқан, жарықтық. Өне, шабыт қысқандағы шын жағдай. Марқұм Аманхан Әлімнің трамвай үстінде тосыннан келіп қалған шумақтарды оқып отырған кітабының ашық бетіне толтырып тастайтынын көргенбіз. Қазір жұрт сол қағаз-қаламды ұмытты десек болады. Кейде шырты ұйқыда жатып та түсінде ақын өлең өргізетін сәт болады. Қараңғыда қағаз-қалам қармауға ерініп, оянған соң түндегі ен-тегін есіл шабытынан есінде түк қалмай, ау толы балығынан айырылып қалған балықшыдай аһ ұрған жағдай талай шайырдың басында кездескен де болар. Қазір болса ғой, түртіп қалып жарығы бар «соткасына» түсіре қояды. Ал компьютердің құдіретін болса да айтып тауыса алмайсыз. Оны «Кәнекей

сөйле, компьютер!» деген аңдатпасында автордың өзі де компьютердің пернетақтасы ғана емес, қол басындай телефон тетіктерінің өзі көкіректегі ойды түрткілейтінін тап басып айтыпты. Онсыз да қалам қайраты жетіп-артылатын қажырлы қаламгердің өзіне қосымша күш беріп, жазуға ынталандыратын әлеуметтік желінің әлеуетін ауызға алмай тұра алмайсыз. Автордың өзі меңзегендей, қолымызға тиген бұл кітабы да едел-жедел, ат үстінде, атан қомында туған дүниелер екен, яғни әлеуметтік желіде жұртқа дер кезінде жарқ ете қалған дүниелер, соның бәрінің басын қосып жинақтағанда дайын қомақты кітап болып шыққан да қойған. Өне, осының бәрін жаздырып, ұйқыдағы ойды түртіп оятқан, шабыт берген күш – жазғаның жазғаныңша жұртқа желдей есін жетіп барар әлеуметтік желінің әлеуеті демей көр! Бұл құдіретті мойындамасқа кім-кімнің де әддісі жоқ. Баяғыда Оспанхан Әубәкіровтің «Ақынның әйелі неге арық болады?» деген әзіл әңгімесі болатын. Сөйтсе, ақындардың ең алғашқы оқырманы әйелі болады екен ғой. Түнде шырт ұйқыда жатқан әйелін жұлмалап оятып алып, жаңа туған жырын бусана оқып бермесе, көңілі тыншымайтын ақынның тәтті ұйқысы түн сайын бұзыла беретін әйелі арық болмағанда қайтеді? Әзіл де болса шындық. Оқылмаған жыр – жетім. Жазғаны дер кезінде жұртқа жеткенін қаламайтын қаламгер жоқтың қасы. Жалындап тұрған алапат ақын Төлеген Айбергенов жыр жазған күні көшеде кездескен бейсауат адамды ұстап алып сол жерде, болмаса үйіне ертіп әкеліп өлеңін оқып бермей, көкірегі бір тыншымайды екен. Ол кездейсоқ тындаушысы өлеңнің жай-күйін түсінетін адам болып шықпауы да мүмкін. Сонда да ақын жаны дәл сол мезетте барша аруана-бауыр дүниеге ақтарылғысы келіп тұр ғой. Мынау әлеуметтік желі де кейде дәл соған ұқсайды. Оқығанның бәрі тоқып алмаса да, арасында, әйтеуір, жұрттан қалмай «лайк» басып, жарты сөз комментарий қиса да, соның өзі кейде жазарманның жазуға құштарлығын сәл де болса оятуға жетіп жатпай ма? Баяғы ақын секілді тыңдар құлақ іздеп көшеге шығып кетпейді, әйтеуір. Бұл айтқанымыз әрбір адамның жан әлемін жарқырата ашуға құштар, аңсар-мұрат, ізет-құрметін әманда жұртқа жеткізуге асық тұратын автордың қаламына желік берген әлеуметтік желінің жел ілеспес жеделдігі мен тиімді пайдаланған жағдайда қаламгерге оның ұшан-теңіз пайдасы барынан келіп шығып отыр. Оның ақиқи дәлелі – Бауыржан Омарұлының қолымыздағы «Шеге құм» кітабы.

Кешелері ғана дүниеден өткен майталман фотожурналист Болат Омарәлиев түсірген бірнеше суретті сөзбен тірілткен Баукеңнің «Әлеуетті Әбітайын» оқыңызшы. Құнанбай өлгенде баласы Абайға «әкеңнің бас сүйегін тарих үшін музейге сақтап қояйық» деп ұсыныс айтқан дейтін орыс досының сөзі еріксіз есіме түсті. Қазақшылық пен мұсылмандықты берік ұстанған Абай, әрине, ондайға көнуші ме еді. Мұхтар Әуезовтің суреттеуімен бізге жеткен «ұзын сопақ басы мен беті бір өңірдей» Құнанбайдың қара басының қадір-қасиетін білгендіктен де қара жерге көмуге қимаған ғой орыс досы. Нақты суреті сақталмағандықтан, бүгінде Құнанбай портреті ұрпақ үшін тек арман. Ақын Абайдың әкесінің суреті сақталмаса, Абайдан бір ғасыр кейін туған ақын Иран-Ғайыптың әкесінің суреті сақталған. Сол суретті Баукең қалай

сөзбен тірілткен десеңші! Кітапты оқыған адам енді тарпаң мінез Әбітай шалдың суретін қайдан көрсем екен деп еріксіз есі кетіп, бұрын көргендер қайта суретін көргісі келіп іздей бастайтыны анық.

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен кішіпейіл академик Досмұхамед Кішібековтің көзін көрдік, сөзін тыңдадық. Газетке әкелген мақалалары кейде көркем дүниедей оқылатын. Шиелінің өзі көрген көне тарихын шежіреше шертетін. Сол мен көрген кездің өзінде тоқсан жастағы томашадай кезі екен. Түр-тұлғасы әлдеқайда жас көрінетін. Өзі айтқан болу керек, келген жасына сене қоймай, қайта сұрағаным да есімде. Сауалыма жымысып қойып, қайта жауап берген. Қайратты қалың шашы түспейтіндей көрінген ол кісінің де жуырда көзі кетті. Ал мынау Баукеңнің оның тірі кезінде жазылған тектілік туралы тебіренісі. Өкініштен аһ ұрып қалмай, бардың қадірін дер кезінде бағалай білгендік. Ұлт философиясының ұстынын оған Мәскеуде оқуға ақ батасын берген ұлы ұстаз Сәтбаевпен сәтті сабақтастырыпты.

Ал «Келімбетовтің кеңістігі» ше. Кәдімгі өзімізге ҚазПИ-де сабақ берген қайран ұстазымыз. Түрколог-ғалым ғана емес, жазушы да. «Үміт үзгім келмейдісін» бүкіл студент жата-жастана оқыды. Тікелей алдынан дәріс алдық. «Қазақстан» қонақүйінің арт жағында тұратын пәтеріне дейін кейде дәрістен кейін такси тоқтайтын жерге шығарып саламыз. Ұзақ жылдар омыртқа дертімен төсек тартып жатып, кейін еңбекке араласқан адам таяқпен жүріп, сол кезде, жас болса да, қарт адамдай көрінетін. Мұқағали айтқандай, «қаһарлы Грозный патшадайын» катал ұстазымыз сол кездегі кандидаттық диссертациясын қорғағалы отырған жас ізденуші Баукеңді де қаймықтырған екен. Оны қызықты етіп баяндайды. Өзіне бейтаныс түсі суық ғалымның тұлғасына өзімен бірге танып-білмекке оқырманын да ынтықтыра түседі. Ғылыми қорғау кезінде түнерін отырған қара сұр адамнан бекерге секемденбепті, әлгі томсырайған кісі «Жас алаштың» сол кездегі жалын атып тұрған тілшісінің «аяғынан шалады». Оның атақты Келімбетов екенін бұрын көрмеген бұл қайдан білсін, қарсы жауап қайтарып, одан сайын жағдайды ушықтырады. Әлгі кісі үнсіз түнерін шығып кетеді. Енді не болар екен деген оқырманын автор одан сайын ынтықтыра түседі. Ол аз болғандай, диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Серік Мақыров ізденушінің ғылыми еңбегіне дәл сол Келімбетовті ресми оппонент етін белгілеуге келістіріпті. Бұл көпті көрген ұстаздың ізденушіні тығырықтан алып шығу үшін жасаған амалы екен. Ғылыми жұмысты қорғау үстінде қорыққан кісісінің қайта өзін жанұшыра қорғағанын көрген автордың Келімбетов туралы ойы соңында түбегейлі өзгереді. Бәсе, солай болуы керек-дүр ұстазымыз. Қанша жерден катал қыспаққа алса да, жеме-жемге келгенде жаны жомарт, жүрегі нәзік екеніне бірінші курста «Ежелгі дәуір әдебиетінен» емтихан тапсырғанымызда біз де көз жеткізгенбіз. Құлатады деп қорқып кіріп, түк сұрамай, орнына бір ғана өлең оқытып, «бес» алып шыққанымызды ұмытпаймыз. Сол ағайымыз туралы Баукеңнің жазғанында тәлім алар қызықты жайлар көп. Немат аға докторлығын беріде қайтыс боларынан алдында ғана қорғады. Қызық болғанда, автор баяғыда ізденуші кезінде қатты қорыққан ғылым кандидатынан бұрын докторлығын қорғап, жас

доктор ретінде ғылыми атақты енді қорғағалы жүрген ол болса кейін өзіне өтінішпен шығып, телефон шалады. Әрине, баяғы кандидат боларында өзі ресми оппонент болып қорғатқан бала екенін білмейді де. Өмір жолының қызық өрілгені осы емес пе? Немат Келімбетов секілді қайталанбас қазақтың ғибратты ғұмырын кейінгіге үлгі еткен автордың жазбасынан ұстазымызды бұрынғыдан да жақын тани түстік. Бұл үшін Баукеңе қалайша рақмет айтпассың.

Ал мынау «Құжат, кілт және Амангелді аға» деген түн жарымындағы толғанысы ше. КазГУ-ге түсерінде құжаты дұрыс болмай, сасқалақтаған бала. Саспай қайтсін, қабылдау емтиханы бүгін біткен. Ең соңғы күн. Ауылына барып қалдырып кеткен бір жапырақ құжатын алып қайтуға енді уақыт та керек емес. Бәрі біткен. Басы салбырап түнде уақытша тоқтаған пәтеріне келген бозбала әкесін көрін таңғалады. Қалдырып кеткен қағазын алып ауылдан ұшып келген беті екен. Бұл қабылдау емтиханы өткен жерге қарай түн ортасы болса да таксимен құстай ұшады. Жан ұшырып жетін келсе, ешкім жоқ. Тіркейтін жұрт баяғыда тарқап кеткен, құжат қабылдаушы жалғыз адам қара құлыпқа кілт салып жатады. Бүкіл тағдыры сол кілтке тіреліп тұрған абитуриент өлердегі сөзін айтып, тал қармайды. Әлгі қара сұр кісі жібін, жабылғалы тұрған есік айқара ашылады. Құжат қабылданады. Сол жолы оқуға түскен бозбаланың құжатын қабылдаған адам сол кездегі КазГУ-дің оқуға қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, жас тарихшы-ғалым Амангелді Құсайынов екен. Қараңызшы! Тығыз-таянда тағдыр табыстырған екеудің де тегін адам болмағаны ғой. Кейін Еуразия ұлттық университетінің тұңғыш ректоры болған асыл азаматпен автордың жақын рухани қарым-қатынаста болғанын да сырттай білеміз. Ол кісі де сексенге толар жасында кете барды. «Сол енді...» деп қысқа сөзбен аяқталған толғаныста қаншама сағынышты сыр мен мөлдір мұң іркіліп жатқанын іштей сезесің.

Осылайша, әрбір кейіпкерін аялап отыратын автордың «Кеңшіліктің келбетіне» келейік. Кеңшілік ақынды өз басым өмірімде бір-ақ рет көріппін. 1986 жылы. Студент кезім. Жазушылар одағы жанында жалғыз тұр екен. Барып амандастым. Таңғалғаным, ақынның ақ жүзіне қызыл шырайы шығып тұр екен, маған сондайлық қып-қызыл болып көрінді. Тіл қатқан жоқ. Тарпаң мінезі болды деп естиміз, маған ол салқынқанды, ойлы қалыпта көрінді. Баукеңнің Кеңшілік туралы жазғанын оқып отырып, ойымды дөп басқанын, ақын туралы пікірімнің қателеспегенін ұқтым. «Ол табиғаты бөлек ақын еді. Үнемі ойланып жүреді. Қабағын түйіп алады. Көңілі түспесе ешкімге ашыла қоймайды. Бәлкім, ашылса ашылатын шығар. Бірақ оны көбіне осындай жұмбақ кейіпте көреміз. Ол алысқа көз тастап, өз ойымен өзі боп, өлең өрін бара жатқандай елестейтін», – деп жазыпты Баукең. Тура, мен көзіммен көргендегі Кеңшіліктің түр-тұлғасы. Бірақ студент Баукең секілді ақынның шабыттанып өлең оқығанын өз аузынан тыңдай алмадым. Тек балбыраған ақша жүзін ғана көріп қалдым.

Баукең кейін өзі журналист болып жүргенде, ол да журналист болған Кеңшілікпен бір ғимаратта қызмет етіпті. Жақындауға батпайтын едік, сұсты еді, сәнді киінетін, жазуына қызығатынбыз депті. Қысқа да болса нұсқа

сөздер Кеңшіліктің келбетін танытуға жетін жатыр. Автордың тарпаң таланттың тұрпатын танытуына сол баяғы майталман фототілші марқұм Болат Омарәлиев 1983 жылы түсірген Кеңшіліктің жалғыз ғана жұмбақ суреті себепші болғанын ұқтық. Жұмбақ жағдайда қонақүйге баса-көктеп кіріп келін, ұзақ өлеңін оқып, жұмбақ күйінде шығып жүре берген ақынның фототілшімен тұңғыш әрі ақырғы рет кездесуі. Тарихқа таңбаланып қалған құнды дүниені тағы да сөзбен тірілткен Баукеңе қалайша риза болмассың. Автордың кейіпкерлері сан алуан мамандық иесі. Ішінде кім жоқ дейсіз, ректор да, кәсіпкер де, ақын да, күйші де, бухгалтер мен кітапханашы да бар. Бәрін бірдей түгелдей алмаспыз. Әр адам өз алдына бір әлем деп есептеп, әрқайсысының жан дүниесіне үңілген, қыры мен сырын танытқан. Ақындар Абзал Бөкен мен Байбота Қошым-Ноғай, Ыбырай Бекжігітов, Қылышбай Бейсенов, Жолдасбек Дуанабай, Абат Пангереев, Еркінбек Арпабаев, Исағали Әлімжанов, Светқали Нұржан, Кәрімбек Құрманәлиев, Айгүл Үлкенбаева, Қайрат Әлімбек, Асқар Алтай, Дүкен Мәсімханұлы, Табыл Досымов, Қалдыбек Құрманәлі, Талғат Тілеулесов. Осылай өріле береді. Арасында танымал тұлғалар да, замандас зиялылар да бар, бәрінің боямасыз болмысын, аз сөзбен болса да, саз күйінде таныта білген. Бастысы, бірінен-бірі өткен тартымды туындылары жалықтырмайды, жазу өнерінің тереңдігімен сүйсінтеді, өзімен бірге тереңіне құлаш ұрғызады. Оған оқысаңыз, өзіңіздің де көзіңіз жетеді.

Төреғали Тәшенов